

## КЕТЕ РУЫНЫҢ ШЕЖІРЕСІ

**Уталиев Сәкен Айладырұлы**

*Философия ғылымдарының докторы D.Ph, (тарих-археология, этнология)*

**Байғұжин А.**

*«Қаржы» білім беру бағдарламасының 1 курс студенті*

*Қазақ-Орыс Халықаралық университеті; 030 006, Ақтөбе қ., Әйтеке би к-сі, 52;*

Бұл мақалада Кіші жүз қазақтарының құрамына кіретін Кете руының пайда болу тарихы қарастырылады.

*Түйінді сөздер:* Кіші жүз. Қазақтар. Бала туу. Рулар. Әлімұлы. Кете. Асыл тұқымды.

## РОДОСЛОВНАЯ РОДА КЕТЕ

**Уталиев Сәкен Айладырович**

*Доктор философии D.Ph, (история-археология, этнология)*

**Байғұжин А.**

*Студент 1 курса образовательной программы «Финансы»*

*Казахско-Русский Международный университет; 030006, г.Актөбе, ул.Айтеке би, 52;*

В данной статье рассматривается история происхождения рода Кете, который входит в состав Младшего жуза казахов.

*Ключевые слова:* Младший жуз. Казахи. Роды. Племена. Алимұлы. Кете. Родословная.

## KETE CLAN PEDIGREE

**Utaliev Saken A.**

*Doctor of Philosophy D.Ph, (history-archeology, ethnology)*

**Baiguzhin A.**

*1st year student of «Finance» educational program*

*Kazakh-Russian International University, 030006, Aktobe, 52, Aiteke bi St.;*

This article discusses the history of the origin of the Kete clan, which is part of the Younger Zhuz of Kazakhs.

*Keywords:* Junior Zhuz. Kazakhs. Childbirth. Tribes. Alimuly. Kete. Pedigree.

Кете — Кіші жүз құрамындағы Әлімұлы тайпасының алты бөлімшесінің бірі болып табылатын қазақ руы. Әлімұлы өз кезегінде алшын асыл тұқымды бірлестігінің бір бөлімшесі болып табылады.

Кейбір зерттеушілер кете руданы Қытай тайпасымен (hi-ti) теңестіреді. Бұл тайпа 1120 жылы Елюй Даши жиналған кидандарға бағынышты 18 тайпаның қатарында болды, содан кейін қараханидтерге жорыққа қатысты. Кейінірек Мубаряк-Шах тізіміндегі тайпалар қатарында Хит тайпасы аталады, ол қазіргі киттің ата-бабасы болуы мүмкін [1, 55 б.].

Ж.М.Сабитов Моңғолияда XIII ғ.дейін өмір сүрген алшынов пен алшы-татарлардың ұқсастығы туралы көзқарасты дәлелдеген. Моңғол империясының

шекарасын кеңейткеннен кейін, алчи-татар бір бөлігі Алтын Ордаға көшіп, Боракчиннің (Батудың әйелі) арқасында алчи-татар руынан келген эмира жетекші орынға ие болды [ 2, 593-639 б.]. Ж.М.Сәбитов келтірген шежіреге сәйкес, Байұлы мен Әлімұлы құрамындағы барлық алшын рулары, кетені қоса алғанда, XIV ғасырда Алтын Орданың Хан Жәнібек заманында өмір сүрген алаудан тұрады. Гаплогруппен салыстырғанда, алшынның тікелей ата-бабалары ерлер желісі бойынша Шығыс Азиядан келеді (қалмақтар мен наймандарға сарыжомарт руының жақын), бірақ нирун-моңғолдарға жақын емес. Орта Азия халықтарынан келген Әлімұлы мен Байұлының генетикалық тайпалары Моңғолияның солтүстік-батысында Увс аймағында тұратын баяты жақын. Негізгі гаплогруппой үшін кете болып табылады.

Әлем халықтарының көне тарихынан хабардар азаматтар біздің жыл санауымызға дейінгі III-II мыңжылдықтар шежіресінен хити /хета, хетта/ аталатын халықты қазіргі Месопотамия және Кіші Азия (Анатолия) аймағынан кездестіріп қалады. Олар осы аймақта ірі империялық құрылым құрып, Мысырмен алысып жүрген ел екеніне көзі жетеді. Бірқатар жазбаларда олардың жылқы мәдениетін осы өлкеге таратқаны, хетталардың келуімен байланысты Шығыста «кентавр», яғни басы адам, денесі ат құбыжық бейнесі қалыптасқаны айтылады. Сонымен «хетта» немесе «хити» деген халық туралы не білеміз? Білетініміз шамалы екен. XIX ғасырда осы тақырыпқа кіріскен Еуропа ғалымдары хетталарды Кавказдан ауып келген үндіеуропа тілді халықтардың қатарына жатқызып қойған, осы догма әлі де жұмыс істеп тұр. Бұл еуропацентристік көзқарасқа бағынбаған жалғыз ғалым еңбектерінің авторы Н.А. Аристов еді [3, 392-485 б.; 4, 182 б.]. Ол Кіші Азия жерінде б.з.б. II мыңжылдықта үстемдік құрған хити (хетта) елінің қазақтың этникалық құрамындағы Кете руымен байланысы жөнінде болжам жасады.

Н.А.Аристовтың батылдығының, мықтылығының көзі қазақ шежіресі болғандығын оның кітаптарының атауынан-ақ көреміз. Қазақ этникалық құрамында саны аз болғанымен, жолы өте салмақты кете тайпасының көне дәуірдегі хет (хетта, хита) еліне қатысы бар ма? Н.А. Аристовтың өз замандастарынан бір артықшылығы қазақ ру-тайпаларының атауларын, таңбаларын, тарихын терең қарастырып, Еуразия дала көшпелілерінің тарихын шежіремен байланыстыра зерттеуінде еді. Өкінішке қарай Н.А. Аристовтан кейін қазақ шежіре аңыздарын, ру-тайпа атауларын, олардың таңбаларын терең және кең көлемде зерттеу ісі әлі күнге дейін жалғасын таппай отыр. Қазақ аңыздарында кете аталатын тайпа Кетебике деген әйелден тараған екен дейді. Бір әскеретін мәселе шежіреде әйел образының болуы қашанда оқиғаның көне екендігіне дәлел есепті. Бізге дейінгі зерттеушілердің көпшілігі Кете тайпасын Кіші жүздің Әлімұлы аталатын ірі тайпалық құрмасынан таратады. Шежіре бойынша Кіші жүздің арғы аталарының бірі Қалдырқожадан (Қаракесектен) Байсары, Әлім, Шөмен туады. Байсарыдан Бозаншар, Майлыбай. Байсары баласы Майлыбай екеуі жаудан өледі. Бозаншардың шешесі Кетебикені Әлім жеңгедей алады. Әлімнен Тайқожа – Ақкете, Бозаншардан Адамқожа, Сәду (киімді, яғни сырттан келіп қосылған). Адамқожадан Қара кете. Әлім өлген соң Кетебикені Шөмен жеңге алады. Одан Томенқожа, одан Томпақ, Сары. Сәдуден Сәбден. Соныменен Кетебике үш ағайындыға кезекпе-кезек байға шығып үш ұл тауып осы үш ұлдан тараған ұрпақ өзін «кете деген елміз» деп атайды. Олар Шөменнің өз әйелінен туған Шөмекеймен бірге өсіп, еншілес болғандықтан «Кете –Шөмекейміз» деушілік шықса керек [5, 109-110 б.; 6, 84 б.].

Соңғы кезеңде «Солтүстік Арал аймағының қазақтары» тақырыбы бойынша арнайы ғылыми жұмыс жасаған профессор Р.А. Бекназаров Кете тайпасына қатысты деректерді саралай отырып былай деп жазады: «Шежіренің жалпы халықтық нұсқаларына қарағанда Қаракесектің бірінші әйелі Тоқсұлудан Байсары туады. Тоқсұлу қайтыс болғаннан кейін Қаракесек өзінің балдызы Қағазға үйленеді де одан екі ұл -Әлім мен Шөмен туады. Байсары Кетебике деген қызға үйленіп одан Бозаншар мен Майлыбай туады (Бозаншарды кейбір деректерде Бозанша деп те атайды). Байсары ұлы Майлыбай

екеуі бір соғыста қайтыс болып, Кетебике әменгірлік тәртіп бойынша күйеуінің інісі Әлімге шығады. Осы некеден Тегенболат (кейінірек Қарасақал деп атанды) және Тойқожа. Бұдан әрі бір деректер бойынша Әлім де қайтыс болады, Кетебике даланың от басылық заңы бойынша күйеуінің кіші інісі Шөменге шығады және одан Түменқожаны туады. Басқа бір әңгімелерде Кетебике Байсары өлгеннен кейін Әлімге шықпақ болып жүргенде Шөменнен аяғы ауыр болып қалады, яғни Әлім Кетебикені екі ұлымен – Бозаншар, Түменқожа, алған екен дейді. Осы уақыттан бастап Әлім мен Шөмен арасында «жер дауы мен жесір дауы» басталған-мыс. Бірғыз өлкесінің қазақтары арасында осы аңыздың бір нұсқасы сақталған. Олардың айтуы бойынша Әлімнің насыбайы бітіп қалып інісі Шөменнен бір атым сұраса керек. Шөмен, ерігіп тұрған жас жігіт, «ат жарыстырайық» дейді. Әлім келіседі. Шөмен атына қамшы басып бара жатып, аруақтардан қолдау сұрап «Дөйт», «Дөйт» деп ұрандайды. Соңынан шауып келе жатқан Әлімге бұл айғай «Койт», «Койт» болып естіледі. Содан мені итті шақырғандай әбден масқаралады, озып бара жатып мені итке теңеп кетті деп Әлім інісіне ренжиді. Бозаншар өз әкесі өлгеннен кейін Әлімнің қолында тәрбиеленетінін айттық, бірақ Әлімнің өзге балалары шеттете бергеннен кейін бір үйір жылқыны айдап Сырдың бойында отырған Шөменге көшіп кетеді: Асырайды Бозаншаны Әлім алып, Еншілес еткен оны малын салып. Әлімнің алты ұлымен сыйыса алмай, Шөменге жүрген екен қашып барып. Бозаншар қатарынан болды мықты, Өз деген өз күшімен озып шықты, Бір күні тойға барып төбелесіп, Әлімнің төрт баласын ұрып жықты. Шөмен Бозаншарға қамқорлық жасап, сол жерде от басын құрып, шаруасын құрап алады. Осы себепті Солтүстік Арал аймағында бүгінгі күнге дейін «Шөмекей -Кете бір туған» деген сөз бар... Бозаншар үйленгеннен кейін өз еншісін алып, анасы Кетебикенің ақылымен маңайына өзінің бір анадан туған емшектес бауырларын жинайды. Осылайша «Кете ауылы» аталатын ел пайда болды» [7, 67 б].

Жоғарыда келтірілген шежіре деректері Кете тайпасының Кіші жүз құрамында ең көне этникалық субстрат екенін бірнеше түрлі дәлелдеп тұр. Бұл мәселе тайпа атауынан да көрінеді, анасының атымен аталатын қазақта әр түрлі ру қауымдары аз емес, ал Әлім ұлы сияқты ірі құраманың іргелі бір елінің анасының атымен Кете атануы өте сирек болады. Екіншіден ру құрамынан біз кетенің өзінің оншақты түр сипатын көреміз: Ақ кете, Қара кете, Қоңыр кете, Майлы кете т.б. Бұл түр сипатқа негізделген бөлініс жүйесі де көне дүниенің сарқыты, тым әріге бармай-ақ ортағасырлық қыпшақ қауымының атауларын еске түсірейік. Үшіншіден, егер біз жол тәртібі тұрғысынан келсек Кетенің жолы Әлімнен де үлкен екенін көреміз, яғни Әлім Кіші жүздің үлкені болса, оның ағасы Байсары жалпы Кете біткеннің атасы. Осы үш дәлел бізге кете тайпасының тарихи бастауларын Кіші Азияда көне заманда белгілі империя құрған хетта халқымен байланыстыруға мүмкіндік береді. Жалпы кете саны аса көп емес. М.Тынышбаев олардың саны 6700 түгін деп көрсетеді [8, 24 б]. Негізінен мекендеген жерлері Сағыз, Ойыл алқаптары, Қазалының батыс жағы. Тағы бір ескеретін мәселе кете таңбасы ашамай түрінде болып келеді, бұл оның арғы тегі белгілі дәрежеде керей қауымдастығына жақын болғанын көрсетсе керек.

1917 жылғы революция-төңкеріске дейін рудың саны 50-60 мың адамды құрады. Ақ кете руының өкілдері Ойыл мен Қобда өзендерінің бойында, сондай-ақ Ресей Федерациясының Астрахан және Орынбор облыстарында тұрады. Жаппай Ақтөбе облысының Ойыл ауданында ұсынылған, онда халықтың басым көпшілігі құрайды. Қызылорда облысының Арал, Қазалы, Қармақшы, Сырдария аудандары, сондай-ақ Ақтөбе облысының Алға ауданы.

Қазақ халқының ғасырлар бойы жасаған рухани мәдениетінің маңызды бір саласы – қазақ шежірелері екен. Қазақта ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келген шежірелердің жарыққа шығуы қазақ халқының қалыптасқан шежірелік дәстүрімен байланысты болды. Қазақтың әрбір азаматы өзінің азаматтық борышының бірі ретінде баласына жеті атасын

білдіруді, есте ұстап, келешек ұрпақтарына жеткізуді міндетім деп санаған. «Жеті атасын білмеген жетімдіктің салдары» деген мақал соның айғағы болса керек.

Қазақ халқы ежелгі заманнан ұлан-байтақ Орта Азия мен Қазақстан жерін мекендеген түркі тілдес тайпалар мен тайпалық бірлестіктердің ұзақ тарихи дәуірлерден ортақ территорияда бірге өмір сүріп, этногендердің жалпы заңдылықтары бойынша бірте-бірігіп, дамуы арқылы пайда болған қазақ рулары мен тайпаларының ұрандары мен таңбаларының ұқсастығы, олардың жүздерге бірігуі нәтижесінде қазақ халқы қалыптасып, Қазақ хандығының нығаюына үлкен септігін тигізген. Сонымен елдігіміз бен ерлігіміздің талай замандар бойы белгісі болған рулық ұрандар мен таңбаларды, ру аттары мен шығу тегін бүгінгі және келешек жас ұрпақтың біле жүргенінің ешбір артықшылығы жоқ. Бұл рушылдық сезімін ояту емес, керісінше өзінің өткен тарихын ұғынуға, түсінуге көп көмегін тигізеді.

Ежелгі ру-тайпалардың, бүкіл бір халықтың шығу тегін, өсіп-өрбуін, даму тарихын ұрпақтан ұрпаққа жеткізген шежірелердің ұлттық мәдениеті бар елдің бәрінде кездесіп, орын алары сөзсіз. Міне, бұдан шығаратын қорытынды сол рудың, тайпаның тарихын білу бүгінгі кейбіреулердің айтып жүргеніндей, ғасырлар қойнауында мидай араласып, қауымдасып кеткен жұрағаттың жігін ашып, «сен ана рудансың, сен миана рудансың», - деп жіктеліп, жіктеуге қызмет етпейді, қайта керісінше туманды түсінікпен жүзге бөліп, руға тарлып, тұтастық туын жоғары көтере алмай жүрген бүгінгі тоғызшарлардың санасын оятып, оларға қазақ деген халықтың негізін құраған ру-тайпалардың көктен түспегенін, сырттан келмегенін, әрбірден соң жаратылыс-тегі бір, тілі бір, діні бір жұрт екенін ұғынуға көмектеседі.

Ұлт құрамына кіретін әрбір рудың тарихын зерттемей, қазақ халқының шынайы тарихы бола алмайды.

Америкалық үндістердің зерттеушілері олардың тайпа атауларын келтіреді: адай, ацтек, майя, шерубай. Кіші жүзде ұқсас атауы бар рудың болуы-адай, кете тектес ұрпақтар: естек, мамыр, шерубай кездейсоқ сәйкестік емес. Айталық: оқиғалар тізбегі-бұл заңдылық.

Біз өз даңқты қарсыластарымыздың есімдерін есте сақтаймыз: Сыпыра Бұқар жырау, Алтай батыр, Сарман би, Әжібай би, Шектібай хазрет, ақын Шернияз т.б. және, әрине, Кеңес әскерінің генералы Жансен Кереевті мақтан тұтамыз!

Өзінің шығу тегін осындай тарихтан танып білген елдің ұлттық санасы жоғары. Өйткені жоғары сана – жоғары танымға тән. Ал, танымы мол жынның қашанда түсінігі анық, пайымы нақ, өмірі баянды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі: Список использованной литературы:**

1. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. Алматы, 2005 ж. 2 том.
2. Сабитов Ж.М. В поисках Чингиз-хана//Вестник Российской академии ДНК–генеалогии. 2009. Том 2. №4,
3. Аристов Н.А. Опыт выяснения этнического состава киргиз-казахов Большой орды и каракиргизов. Живая старина. Вып. 3-4.- СПб.,1894.
4. Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. СПб., 1897.
5. Маданов Х. Кіші жүз шежіресі. Алматы,1994.
6. Тольбеков С. Қазақ шежіресі. Алматы,1992.
7. Бекназаров Р.А. Казахи Северного Приаралья в XIX-начале XX вв. (историко-этнографическое исследование). Диссертация на соискание доктора исторических наук. Алматы, 2010.
8. Тышшыспаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. Ташкент, 1925.